

**“Мәдени жалпы білім беретін мектеп”
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ПАСПОРТЫ**

- 1. Білім беру ұйымының атауы:**
“Мәдени жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесі
- 2. Мекен жайы:** Түркістан облысы
Төлеби ауданы, Мәдени ауылы,
Бәйшешек көшесі № 12
- 3. Статусы:** Типтік мектеп. 300 орындық
2009 жылы пайдалануға берілген
- 4. Тіркеу куәлігі:** №354-1958-09 ММ
БСН 010940003068 30.12.2008 жыл
ҚР Әділет министрлігі
- 5. Мемлекеттік лицензия :**
№KZ23LAA00035871 21.11.2023
- 6. Оқыту тілі:** Қазақ тілі
- 7. Оқытылатын шет тілі:** Ағылшын тілі



7. Оқушылар саны: 316/34

8. Сынып комплекті: 18/2

9. Оқу ауысымы: 2 ауысым

10.Үйірмелер: Ақылы, ақысыз

11.Сынып кабинеттері саны: 34

12.Оқу кабинеттері саны: 21

13.Мектептің жалпы алаңы – 5333

14.Жұмыс алаңы – 2447

15.Кітапхана алаңы – 36

16.Шеберхана: 2



МЕКТЕП ТАРИХЫ

1806 - 1864 жылдары Оңтүстік Қазақстан Қоқан ханының қол астында болған кезде, ауыл биі Қодан Саботаұлы жастардың сауатын ашуға қамқорлық жасап, ауылда молда, ешен ұстап балаларды арапша оқытқан.

1928 жылы Бидайшы ауылында сауатсыздықты жою мектебі ашылып, сабақ бір тұрғынның үйінде өткізілген.

1929 жылы Бидайшы ауылында бастауыш мектеп ашылып, балалар байдың тәркіленген үйінде оқыған.

1934 жылы бастауыш мектеп үйі салынды. 1947 жылы 7 жылдық мектеп ашылды. Бұл мектеп 1958 жылы 8 жылдыққа, 1975 жылы орта мектепке айналдырылды. 1968 жылы Мәдени ауылында жаңа мектеп үйі салынды.

Қазіргі таңда мектепте 270 оқушы білім алып, 35 мұғалім ұстаздық етуде.

Мектеп директорлары

- | | |
|--------------------------------------|---|
| 1 4 - жылдықта Шалабаев Ибатбек | 8 Жарасбаев Әбіхан (1966 - 1972) |
| 2 7 - жылдықта Нұрашев (1947 - 1950) | 9 Мұсырсанов Адамбай (1973 - 1975) |
| 3 Шалабаев Қуат (1950 - 1961) | 10 Сейтжаппаров Жаппархан (1975 - 1985) |
| 4 Аманжолов Сайлау (1961 - 1962) | 11 Бердібекова Қадіркүл (1985 - 1999) |
| 5 Жақсыбеков Әшірбек (1962) | 12 Әбдірайымов Талғат (1999 - 2005) |
| 6 Сеидалиев Керімбай (1963 - 1964) | 13 Есболов Шырынбек (2005) |
| 7 Маимақов Тлеубай (1965) | |



Жалпы педагог қызметкерлер саны: 44/2

Барлығы жоғары білімді.


Педагог-зерттеуші – 11

Педагог-сарапшы – 9

Педагог-модератор – 19

Дәрежедегі: 6

Санат бойынша



Мектеп әкімшілігі

Мектеп директоры:
Стамкулов Серік
Абдиртайұлы

Оқу ісінің меңгерушісі:
Абдраимов Талғат
Абжапбарұлы

**Тәрбие жөніндегі
орынбасары:**
Усенбекова Дана
Мұхтарбекқызы

Педагог-психолог:
Тленчиев Мейрбек
Қондыбайұлы

Ұйымдастырушы-педагог:
Бастыкова Сәуле
Жалилханқызы

Әлеуметтік педагог:
Абжапбар Асылжан
Талғатұлы

**Шаруашылық жөніндегі
орынбасары:**
Сағымбеков Махамжан
Сағатұлы

**Қосымша білім беру
педагогы:**
Елшібек Азамат
Ғалымжанұлы

Кәсіби бағдар беруші:
Кульниязова Майра
Қонырбаевна

Әдістемелік бірлестіктер

Математика, физика,
информатика
ӘБ жетекшісі:
Назар Лаура

Бастауыш
сыныптар.
ӘБ жетекшісі:
Базарбекова Айнұр

Тарих, география,
химия, биология.
ӘБ жетекшісі:
Құрақбаева Фарида

Тілдер бірлестігі.
ӘБ жетекшісі:
Балкыбекова
Құттығыз

Эстетикалық
пәндер. ӘБ
жетекшісі:
Көлдірова Азиза

2023-2024 оқу жылының міндеттері

1. Оқу бағдарламасы бойынша оқушыларға білім беруде білім стандарттарының талаптарын қамтамасыз ету.
2. Білім сапасын көтеруді басты назарға ұстау.
3. «Білім туралы заңды» әр ұстаздың басты міндеті деп есептеу.
4. Оқушылардың сабаққа толық қатынасуын үнемі қадағалап отыру.
5. Оқушылардың жан-жақты дамуын және мамандық таңдауына педагогикалық басшылық жасау.
6. Оқу кабинеттерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуды әрі қарай жалғастыру.
7. Салауатты өмір салтын ендіруге байланысты жұмыстарды жандандыру.
8. Әрбір сабақ шығармашылық сабақ болу үшін сабақтағы негізгі тақырыптарды бұлжытпай орындау мен бірге әдістемелік шеберлігін арттырып, оқытудың жаңа нормаларын, әдістерін басшылыққа алып отыру.
9. Білім негіздерін оқытуды өмірмен байланыстыруды жолға қою.
10. Оқушылардың шығармашылық зерттеу жұмыстарын дамыту.
11. Дарынды оқушыларды дайындап, даралап оқытуға кең жол ашу.
12. Оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруда ата-аналармен тығыз байланыс орнату.
13. Ата-аналармен әр тоқсан сайын жиналыс өткізіп, балалардың білімі мен тәрбиесі туралы хабардар етіп тұру.
14. Ұлттық бірыңғай тестке үнемі дайындық жүргізіп тұру.
15. Оның қорытындыларын аудандық оқу бөліміне дер кезінде өткізіп тұру.
16. Оқушы жетістігін сырттай бақылауға дайындық жүргізу және оған басшылық жасау.
17. Тәрбиенің негізгі түрі-адамгершілік педагогикалық мазмұнымен ұштастырып, ізгілікті және өзара сыйлаушылықты қалыптастыру.
18. Пән апталықтарын өткізу және аудандық пән олимпиадасына жүйелі түрде дайындап, жақсы нәтиже көрсету.
19. Директор жанындағы кеңесте, әдістемелік кеңесте оқу-тәрбие жұмыстарын талқылап отыру.
20. Оқушылардың дүниетанымын, көзқарасын қазіргі қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге дұрыс бағдар беру негізінде қалыптастыру.


Білім сапасының көрсеткіші

Өткен оқу жылын да мектепте 316/34 оқушы оқыды. Осы 316 оқушының 171-і қыз бала, қалғаны ұл бала. Бұл оқу жылында бітірген 316 оқушыдан – 1-4 -сыныптарда үздіктер - 39, жақсы оқитындары - 33, 5-9 - сыныптарда -49 , екпіндісі –47оқушы, 10-11 - сыныптарда - үздіктер -4 , екпінділер - 16 оқушы, барлық үздіктер -88, екпінділер - 96 оқушы болды. Орнында қалған оқушы болған жоқ. Жалпы оқу үздігі – 27,7%, екпіндісі – 30,1 % құрады, үлгерімі - 100%, орта балы - 3,3 балл болды. Үздік оқушылар өткен жылмен салыстырғанда 5 оқушыға артты. Салыстыра келгенде өткен оқу жылының білім деңгейіне қарағанда бұл оқу жылының деңгейі 7% көтерілді.



ҰБТ көрсеткіші

2023-2024 оқу жылында 11-сыныпты 24 оқушы бітірді. Олардың үшеуі өздерінің қалаулары және аталарының өтініштері бойынша ҰБТ-ға қатыспауға тілек білдірді. Қалған 21 оқушы ҰБТ-ті тапсырып, төмендегідей көрсеткіш көрсетті:



Мектеп бітірген 24 оқушының 17-і түрлі оқу орындарының грант иегері атанса, 7 оқушы ақылы бөлімдерге оқу түсті.

ҰБТ-ке дайындаған пән мұғалімдері:


қазақ тілі – Бастықова Г, қазақстан тарихы – Құрақбаева Ф
математика- Артық Е, физика – ҮмбеталиевТ, биология – Бекбергенова С, география – Тутаев Н, химия – Исаева Ж.

Туризм бағыты



Пәндер бойынша бақылау жұмысының үлгерім көрсеткіші

Пәндер	2023-2024 оқу жылы	
	I жартыжылдық	II жартыжылдық
Қазақ тілі	58	60
Орыс тілі	52	54
Ағылшын тілі	52	54
Математика	53	57
Физика	53	56
Информатика	58	59
Қазақстан тарихы	68	72
География	66	68
Биология	58	64
Химия	54	59



**Шымкент қаласындағы Б.Момышов атындағы ПК-нің
полковнигі, мектеп түлегі, ақын-жазушы А.Маймақовпен
кездесу**





ҚР қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ОҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы Көшербай Батырбек мырза мектебімізге 1 500 000 теңгеге бокс рингін сыйлады, әлеуметтік мәртебеге не отбасы балаларына 200000 (екі жүз мың) теңге қаржылай көмек берді.



“Қамқорлық” акциясынан көрініс



“Жүректен-жүрекке” акциясы



Ғылыми жоба жеңімпаздары



Көркемөнерпаздар





Стамкұлов Серік Абдиртайұлы 1968 жылы 27 қаңтарда ОҚО, Төлеби ауданы, Мәдени ауылында дүниеге келген.

1988-1994 жылдары Шымкент педагогика институтының дайындық курсынан бастап, физика-математика факультетінде күндізгі курста физика- информатика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша дәріс алып, бітіріп шықты.

1994-2013 жылдар арасында мұғалімдік қызметтен бастап психолог - 1 жыл, тәрбие жөніндегі орынбасар -3,5 жыл, оқу ісінің меңгерушісі -7 жыл, Сарқырама шағын жинақты орта мектебінің директоры болып 19.09.2006 - 24.08.2012 ж. аралығында қызмет атқарып, одан кейін Мәдени жалпы орта мектебінің директоры болып, қазіргі таңға дейін қызмет атқарып келеді.


Мектепте басшылық жасаған жылдардан бері білім сапасының артуына, ғылыми жұмысының жандануына өзіндік үлес қосып, жаңашылдықтың көшбасшысы болып жүр.

Жазғы лагерь



“Дені саудың – жаны сау”

Оқушылардың үйірмелерге қатысу көрсеткіші



Кітапхана жұмысынан көрініс



Мектеп өмірінен көрініс

“Шығармашылық пен махаббат” декадасы



**“Абай оқуы”, “Шәкәрім оқуы” және басқа да
сайыстардың жеңімпаздары**



Тәрбие сағаттарынан көрініс

Ардагерлерге құрмет



**Ауылымыздың тумасы, Желтоқсан жауқазыны
Сатыбалдина Пернеқызбен кездесу**



Спорт саласы бойынша ардагер ұстаз Төлендібаев Қуатбекті еске алу мақсатында облыстық турнир ұйымдастырылды. Семинарға облыс көлемінен 15 команда қатысты. Турнирдің өтілуіне ұстаздың балалары демеушілік көрсетті.

Турнир 3 күн бойында жалғасты. Турнирдің жақсы өтілуіне ауылымыздың тумаларының барлығы атсалысты.



"Ақсай" өндірістік кооперативінің төрағасы Сатыбалдин К.

Қиыны мен қызықшылығы қатар жүретін ұстаздардың қызметіне үнемі қолдау көрсетіп жүретін азамат, бұл жолы да демеушілік көрсетіп, мектебімізге аса қажетті құралдардың бірі - проекторды сыйға тартып, оқушылар мен ұстаздар қауымын бір қуантып тастады.



Тарихи орындарға саяхат

